



1951 ЖЫЛЫ
ҚҰРЫЛДЫ

МАЛАЙЗИЯНЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (EMPLOYEE PROVIDENT FUND MALAYSIA)



Малайзияның зейнетақы жүйесі Азиядағы ең көне жүйелердің бірі, көбінде: **Employee Provident Fund** (Жинақтаушы зейнетақы қоры, бұдан әрі – Зейнетақы қоры) жинақтаушы құрамдауыш ретінде көрінеді. Зейнетақы қорының малайзиялық атауы: Kumpulan Wang Simpanan Pekerja (KWSP).
1951 жылы құрылған зейнетақы қоры әлемдегі ең көне зейнетақы қорларының бірі.

Зейнетақы қоры жұмыс істейтін халықты зейнетақымен қамсыздандыру бойынша мемлекеттік ұйым ретінде Қаржы министрлігі жанынан құрылды

Барлық жалдамалы жұмысшылар және олардың жұмыс берушілері зейнетақы жарналарын Зейнетақы қорына аударуға міндетті

Жеке сектордың барлық жұмысшылары, сондай-ақ мемлекеттік зейнетақы жоспарына қатыса алмайтын мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті жинақтаушы зейнетақы бағдарламасы

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ:

еңбекақыдан > MYR 5 000 (510 мың. тг)

еңбекақыдан ≤ MYR 5 000 (510 мың. тг)

жұмысшылардан жұмыс берушілерден

11% + **12%**

11% + **13%**
от работников от работодателей

АЙ САЙЫНҒЫ ЖАРНАЛАР 2 ШОТҚА БӨЛІНЕДІ:

70% 1-ШОТ (ЗЕЙНЕТАҚЫ) **30%** 2-ШОТ (АЛЬТЕРНАТИВТІ АЛУ)

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖАРНАСЫ + ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ЖАРНАСЫ + ДИВИДЕНДТЕР (ИНВЕСТ.ТАБЫС) - ТӨЛЕМДЕР = ЗЕЙНЕТАҚЫ ҮШІН ЖИНАҚТАР

ЖИНАҚТАРДЫ САЛЫМШЫЛАРДЫҢ ШОТТАРЫНА БӨЛУ


Жұмысшылар мен жұмыс берушінің жарналары Зейнетақы қорына түскен кезде қатысушылардың шоттарына есептеледі. Әрбір қатысушыға 2 шот ашылады: 1-ші шотқа жиынтық жарнадан 70%, 2-ші шотқа – 30% есептеледі.

**1-ШОТ
70%**


ЗЕЙНЕТАҚЫ
КАПИТАЛЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ҮШІН



Жинақтар зейнет жасына жеткен кезде ғана алынуы мүмкін (2013 жылдан бастап зейнет жасы 55-тен 60 жасқа ұзартылды)



Пайдалану кезіндегі қосымша ыңғайлылық: қатысушы базалық жеткіліктілік сомасынан асатын жинақтардың бөлігін **Member's Investment Scheme** инвестициялық бағдарлама шеңберінде қаражатты жеке инвестициялау үшін жеке басқарушы компанияға аударуға алады (Зейнетақы қоры мақұлдаған компаниялар ішінен).



Барлық сомалар (инвестициялық табысты қосқанда) 1-шотта салымшы зейнет жасына жеткенге дейін қалады.



Жинақтардың бір бөлігін жеке инвестициялық басқаруға аудару үшін талаптар:

- 55 жастан аспаған қатысушылар үшін
- 1-шоттағы базалық жинақтардан асатын соманың 30% аспайтын соманы аударуға (базалық сома салымшының жасына қарай белгіленеді – қатысушы 55 жасқа толған кезде оның шотындағы жинақтар MYR 240,000 (24,5 млн тг) кем болмауы тиіс деген есепке негізделген)
- Аударымның ең аз сомасы MYR 1000 (102 мың тг)

**2-ШОТ
30%**

ЖАҒДАЙДЫ
ЖАҚСARTU
ҮШІН

Бұл шоттағы жинақтарды тұрғын үй сатып алуға, ауыр кеселге шалдыққан қатысушыны немесе оның отбасы мүшелерін емдеу үшін, қатысушының немесе оның отбасы мүшесінің білім алуына, қажылық сапарына пайдалануға болады немесе жинақтарды **50 ЖАСТАН КЕЙІН АЛУҒА БОЛАДЫ**.

АЛЬТЕРНАТИВТІ АЛУ



ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

ЖИНАҚТАРДЫ 55 ЖАСТА АЛУ



1-ШОТ
2-ШОТ



“55” ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫ

Қатысушы 55 жасқа келгеннен кейін 1 және 2 шоттардағы барлық жинақтар біріктіріледі.




Салымшылар «55» шотындағы жинақтарды мынадай форматтарда ала алады: толық сомасын; соманың бөлігін және/немесе ай сайынғы төлемдер; немесе дивидендтерді ғана ала алады.

ЖИНАҚТАРДЫ 60 ЖАСТА АЛУ



ЖАРНАЛАР



55 ЖАСТАН
КЕЙІНГІ ЖҰМЫС

“АЛТЫН” ШОТ
АШЫЛАДЫ

- Салымшылардан (жұмыс істеп жатқан) және олардың жұмыс берушілерінен барлық жинақтар суб-шоттарға бөлінбей автоматты түрде “алтын” шотқа аударылады;
- “55” шотындағы барлық қалған жинақтар “алтын” шотқа біріктіріледі.

«алтын» шотқа түскен жаңа жарналарды 60 жасқа толған кезде ғана алуға болады.

салымшылар “алтын” шоттағы жинақтарды мынадай форматтарда ала алады: толық сомасын; соманың бөлігін және/немесе ай сайынғы төлемдер; немесе дивидендтерді ғана ала алады.

БАСҚА МЕРЗІМІНЕН БҰРЫНҒЫ ТӨЛЕМДЕР 1 ЖӘНЕ 2 ШОТ:



Салымшы қайтыс болған жағдайда жинақтарды мұраға қалдыру



Малайзия шегінен тыс тұрақты тұруға кету



Жарамсыздықтың туындауы (физикалық немесе психикалық)



MYR 1 млн (102 млн тг) астам жинақтарды алу

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ



Инвестициялық қызметті Зейнетақы қорының инвестициялық департаменті жүзеге асырады.



Салымшылардың зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының құнын сақтау және көбейту.



Тәуекелдің белгілі бір шегінде ұзақмерзімді болашақта кірістіліктің тұрақты деңгейін қамтамасыз ету.



Инвестициялық шешімдерді инвестициялық кеңес
Инвестициялық қызмет инвестициялық кеңес және жеделген жағдайларда Қаржы министрі бекіткен нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады



ДИВИДЕНДТЕР

Салымшылардың зейнетақы шоттарына дивидендтерді (инвестициялық табысты) есептеу жылына бір рет, әдетте есептік кезеңнен кейінгі жылдың ақпанында жасалады. Үлестіруге дивидендтер сомасын Зейнетақы қорының жауапты бөлімшесі есептейді, ол Үкіметпен келісіледі және оны одан кейін Зейнетақы қорының Басқармасы бекітеді.

ӨЗІН-ӨЗІ ҚАМТЫҒАН ЖӘНЕ ТАБЫС КӨЗІ ТҰРАҚТЫ ЕМЕС ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ “i – SARAAN” ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУШЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



i – Saraan бағдарламасы - мемлекеттік қатысуын көздейтін үкіметтік бастама.


МАҚСАТЫ:

- халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту;
- өзін-өзі қамтыған және табыс көзі тұрақты емес тұлғаларға зейнет жасына жеткен кезде жинақтардың белгілі бір деңгейіне жеткізуге мүмкіндік беру.



Ерікті қатысу үшін жағдайлар:

- халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуды кеңейту;
- өзін-өзі қамтыған және табыс көзі тұрақты емес тұлғаларға зейнет жасына жеткен кезде жинақтардың белгілі бір деңгейіне жеткізуге мүмкіндік беру.



қатысушының жарнасы

Зейнетақы қорындағы қатысушының шоты

мемлекет жарнасы

15%

Мемлекеттен төленетін жарна қатысушы жарнасының сомасынан, бірақ бір қатысушыға жылына MYR 250 (25 500 тг) артық емес

Әр жылдың нәтижелері бойынша Зейнетақы қоры Үкіметке қатысушылар саны мен енгізілген жарналардың сомалары бойынша ақпарат жібереді, бұл деректердің негізінде мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінеді.

MYR 60 000 (6 млн тг) - қатысушының ең көп жылдық жарна сомасы (жалпы ақпарат жеке ерікті жарналар, i – Saraan бағдарламасы шеңберінде ерікті жарналар бойынша және жұмысшыдан немесе жұмыс берушіден қосымша жарналар бойынша жиналған).

i – Saraan жоспары Зейнетақы қорының базасында іске асырылғандықтан жарналарды төлеу, 1 және 2 шоттар арасында ақшаны үлестіру, инвестициялау, дивидендтерді есептеу, төлемдер және басқа жағдайлар бойынша қағидалар дәл жұмыс берушілердің және жалдамалы жұмысшылардың міндетті жинақтардың негізгі жоспарындай.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСТЕРІ

Зейнетақы қоры электрондық сервистердің дамуына ерекше көңіл бөледі. Зейнетақы қорының бір мақсаты – тұтынушыларға қызмет көрсету саласында ақпарат беру және мынадай қағидат бойынша өзіне өзі қызмет көрсету мүмкіндігін беру:

- Кез келген жерде
- Кез келген уақытта
- Кез келген тәсілмен



КИОСК



САЙТ



I-AKAUN (ЖЕКЕ КАБИНЕТ)



ЖЕКЕ КАБИНЕТ

2018 жылдың соңындағы деректер бойынша Зейнетақы қоры қатысушыларының жалпы санынан (14,2 млн.) 42,70% i-Akaun электрондық кабинетінде тіркелген екен. Жұмыс берушілер арасында тіркелгендер үлесі 99% құрайды.

ЖҰМЫСШЫ ҮШІН I-AKAUN

- шот бойынша үзінді көшірме (ағымдағы және оның алдындағы кезеңдер үшін);
- жарналар бойынша ақпарат;
- алуға, жинауға және инвестициялауға болжалды қолжетімді сома;
- төлемге өтініш беру, өтінішті өткізу мәртебесі, төлемдер тарихы;
- мұрагерлерді тағайындауға өтініш беру;
- пошталық мекенжайды қосқанда жеке профильді жаңарту;
- i-Akaun-да әрекеттерді тексеру журналы.

ЖҰМЫС БЕРУШІ ҮШІН I-AKAUN

- пошталық мекенжайды қосқанда компания профилін жаңарту;
- жаңа қатысушыларды (жұмысшыларды) тіркеу;
- аударылған жарналар бойынша ақпаратты тексеру;
- i-Akaun-да әрекеттерді тексеру журналы;
- жарналар аударымын жүзеге асыру және нысандарды беру.